

Ясауи университеті

a.yassau@mail.ru

университет студенттерінің үні

№05-06(485) 26 наурыз 2020 жыл

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНАДАҒЫ РЕСУРС ТОЛЫҚТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығымен елімізде төтенше жағдай енгізілуіне байланысты университетіміздің оқу процесі қашықтықтан оқыту жүйесіне көшкені белгілі. Университетіміздің оқытушылары мен студенттері <http://library.yau.edu.kz> веб-сайтындағы оқу процесіне қажетті pdf форматтағы электронды оқулықтарды қашықтықтан пайдалануына толық мүмкіндік жасалған.

2 БЕТТЕ

ӘЛ-ФАРАБИ ӘЛЕМІ

Еуразия кеңістігінде көшпелі өмір сүрген түркі халықтары Батыстың да Шығыстың да көптеген халықтарымен тығыз қарым-қатынаста болды. Түрік қағанаты тұсында көптеген діни ағымдар жазба мәдениеті мен діни ұстанымдарын емінен-еркін насихаттауға мүмкіндік алды.

3 БЕТТЕ

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕГІ СҰХБАТ

2020 жылғы 26 наурызда, сағат 16:00-де Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Болатбек Серікбайұлы Абдрасилов өзінің әлеуметтік желілердегі жеке парақшалары www.facebook.com пен www.instagram.com және www.youtube.com каналы арқылы тікелей эфирде оқу ордасының білім алушыларымен университеттегі қашықтан оқыту жүйесіне қатысты сұхбат жүргізген болатын. Сұхбат барысында ректор аталған жүйеге қатысты өзгерістер мен ережелер туралы түсіндірді.

4 БЕТТЕ

ҒАСЫР ЖАСАҒАН КІТАП - ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ

Туркология ғылыми-зерттеу институтының қолжазбалар қорында Ахмет Байтұрсынұлының араб әліпбиімен жазылған «Әдебиет танытқыш» кітабының көшірмесі сақтаулы. Автор кітаптың кіріспесінде «Көрнек өнерінің түрлері», «Сөз өнері», «Шығарма сөз», «Мазмұн туралы» тоқталады.

8 БЕТТЕ

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні — әз Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымыз үшін Наурыз мейрамы — көктем мен жаңаруды айшықтайтын, көктемді жаңарудың, тапталудың мерекесі.

Баршаңызға амандық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілеймін. Жыл басы — Наурыз мейрамы елімізге құт-береке әкелсін!

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық
қазақ-түрік университетінің
президенті

Б.С. АБДРАСИЛОВ

БҰНЫ ДА ЖҰРТ БОЛЫП, ЖҰМЫЛА ЖЕҢЕМІЗ!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы – Нұрсұлтан Назарбаев аса маңызды Үндеу жариялады. Елбасымыз Үндеуде коронавирустың елімізде таралуын тоқтату үшін нақты қадамдарды айқындап берді. Сонымен қатар, еліміздегі экономикалық қиындықтарды жеңу үшін бір қатар бағыттар белгіледі. Үндеу – осы сын сағатта Елбасының елдің қамын ойлайтын шынайы жанашыры екенін көрсетті. Елбасының еліміздегі қиын кезеңді еңсеру бастамалары уақтылы әрі дұрыс, толық қолдаймыз!

Елбасымыз індеттің таралуын болдырмау мақсатындағы Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың ҚР-да төтенше жағдай енгізу шешіміне және басқа да атқарлып жатқан шұғыл шараларға қолдау білдіріп, жұртты жұмылуға үндеді.

Осы орайда, Елбасы бизнес өкілдері мен азаматтарды арнайы құрылатын қорға қаржылай қолдау көрсетуде, жұмысшы жұртқа қолғабыс болуда, аса мұқтаж жандарға көмектесуде бірігу керек екенін атап өтті. Қазақ елі 1990 жылдарда және одан кейінгі кезеңдерде орын алған бұдан да күрделі қиындықтарды Елбасының дара саясатымен біріге отырып еңсерген.

Сондықтан, осы кезде сабырлық пен төзімділік таныта отырып, мемлекет қабылдап жатқан шараларды қолдауымыз керек!

Бұл тұрғыда, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті осы қиындықтардан өту үшін жұмысын жаңа дейгейде ұйымдастырды. Қашықтықтан оқыту режиміне толығымен көшті. Университет жатақханаларында білім алушылар арасында індеттің тарылуын болдырмау үшін санитарлық-эпидемиологиялық ережелер негізінде түбегейлі шаралар қабылдады.

Құрметті жерлестер, әріптестер!

Баршаңызды осы уақытша қиындық кезеңінде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара отырып, қолдау көрсетуге шақырамын. Сіздердің әрбіріңіздің дендеріңіздің саулығы — мемлекет пен ұлттың байлығы! Сондықтан, әрбір азамат өзін қорғау үшін қажетті шараларды жасауы тиіс.

Бұны да жұрт болып, жұмыла жеңеміз!




Қожа Ахмет Ясауи атындағы
ХҚТУ Президенті Б.С. АБДРАСИЛОВ

ДЕРЕКҚОР

ЭЛЕКТРОНДЫ КІТАПХАНАДАҒЫ РЕСУРС ТОЛЫҚТЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаевтың Жарлығымен елімізде төтенше жағдай енгізілуіне байланысты университетіміздің оқу процесі қашықтықтан оқыту жүйесіне көшкені белгілі. Университетіміздің оқытушылары мен студенттері <http://library.ayu.edu.kz> веб-сайтындағы оқу процесіне қажетті pdf форматтағы электронды оқулықтарды қашықтықтан пайдалануына толық мүмкіндік жасалған.

Қазіргі таңда, оқу орнымыздың ақпараттық-ресурстық орталығы ұстаздарымыз бен студенттерімізге, магистранттар мен докторанттарымыздың қашықтықтан білім алуына жағдай жасау мақсатында 20-Сәуірге дейін Grebennikon және IPRbooks электронды кітапхана жүйесін тегін пайдалануға мүмкіндік алды. Ал, Rmeb электронды кітапханасын <http://rmebrk.kz/social/login> жыл бойы тегін пайдалануға болады. Ұстаздар мен ізденушілер Rmeb базасына әлеуметтік желі арқылы кіре алады. IPRbooks-кітаптары білім беру мекемесінде енгізілген оқыту бағыттары бойынша лицензияланған ғылыми әдебиеттер, журналдар, аудио басылымдар, бейне курстар, онлайн тесттерін біріктіретін бірегей ресурс. Оған www.iprbookshop.ru сілтемесі арқылы кіреді. Барлық сала бойынша оқулықтарды төмендегі логин-iktu.kz_stat пароль — mLeASvCb бойынша қажетті әдебиеттерді оқи алады. Бұл электронды кітапханаларды пайдалану үшін толық мәлімет <http://lib.ayu.edu.kz/> сайтында көрсетілген.



EURASIAN RESEARCH JOURNAL ЖУРНАЛЫ

Eurasian Research Journal (ERJ) атты халықаралық сараптамадан өткен ғылыми журнал Еуразия ғылыми-зерттеу институты тарапынан 2019 жылдан бері жылына екі рет шығарылып келеді. 2020 жылдың қаңтарында үшінші саны жарық көрген ағылшын тіліндегі басылым Еуразия аймағындағы экономика, қаржы, энергетика, қауіпсіздік, көлік, халықаралық қатынастар, тіл және басқа да салалардағы маңызды оқиғаларды ғылыми тұрғыдан қарастырады. Журналға өз саласының жетекші сарапшылары мен перспективалы жас ғалымдардың мақалалары жасырын сараптамадан өткізіліп қабылданады.

ERJ журналын халықаралық ғылыми дерекқорларға енгізу бойынша жұмыстар қарқынды түрде жүргізілуде. ERJ журналы 2020 жылдың 6 наурызынан бастап халықаралық Cosmos дерекқорына қабылданып, Қазақстанда бұл дерекқорға енген тұңғыш журнал болды. ERJ журналы индекстелетін дерекқорлар мен өтініш беру процесіндегі дерекқорлардың тізімі төменде келтірілген.

Журналды қабылдаған дерекқорлар:

Index Islamicus
International Scientific Index (ISI)
Cosmos
Scientific Indexing Services (SIS)
Akademia Sosyal Bilimler Indexi (ASOS)
Root Society for Indexing and Impact Factor Service (ROOT Indexing)
Eurasian Scientific Journal Index (ESJI)
Өтініш білдірілген дерекқорлар:
Social Sciences Reference Index (SOBIAD)
Direct Research Journal Indexing (DRJI)
Asian Studies Index (ASI)
International Bibliography of the Social Sciences (IBSS)
Academic Resource Index (ResearchBib)
European Reference Index for the Humanities (ERIH)
Directory of Open Access Journals (DOAJ)
Index Copernicus

BİLİG — ТҮРІК ДҮНИЕСІ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖУРНАЛЫНЫҢ ИМПАКТ-ФАКТОР ДӘРЕЖЕСІ КӨТЕРІЛДІ

1996 жылдан бері Ахмет Ясауи университетінің Өкілетті Кеңес басқармасы тарапынан шығарылып келе жатқан bilig Түрік дүниесі әлеуметтік ғылымдар журналы SSCI — Social Sciences Citation Index (Web of Science) және SCOPUS (Elsevier Bibliographic Databases) сияқты көптеген халықаралық деректер қорында индекстеледі. Түркиядағы әлеуметтік ғылымдар саласында SSCI Халықаралық деректер қорында индекстелетін аз ғана журналдың бірі болып табылатын bilig журналы, 2008 жылдан бастап SSCI Халықаралық деректер қорының салалық зерттеулер (Area Studies) бөлімінде индекстеледі.

Журналымызда жарияланған мақалаларға жасалған сілтемелер бойынша есептелетін импакт-фактор дәрежесі 2017 жылы 0,087 болса, 2018 жылы 0,132-ге көтерілді. Бұл журналымыздың импакт-фактор дәрежесінің 52%-ге өскендігін көрсетіп тұр.

2019 жылғы Journal Citation Reports мәліметтері бойынша журналдың импакт-фактор дәрежесінің көтерілуінде сабақтастық, яғни үздіксіздік бар екендігі айтылды.

bilig журналының SCOPUS халықаралық деректер қорындағы CiteScore мәні 2018 жылы 0,14 болды. bilig ғылыми журналы Arts and Humanities: General Arts and Humanities (өнер және гуманитарлық ғылымдар: жалпы өнер және гуманитарлық ғылымдар) саласы бойынша процентілі — 54%

Web of Science платформасы жариялаған бұл графикаға сәйкес журналымызда жарияланған мақалаларға жасалған сілтемелер де жыл сайын артып келеді.

2008 жылдан бері SSCI халықаралық деректер қорында bilig журналында жарияланған 600 ғылыми мақала индекстелген және журналымыздың h-индексі 6-ға жеткен.

bilig -Түрік дүниесі әлеуметтік ғылымдар журналы SSCI және SCOPUS халықаралық деректер қорынан басқа да төмендегі халықаралық деректер қорында индекстеледі.

- Social Scisearch (Web of Science)
- Journal Citation Reports/Social Sciences Edition (Web of Science)
- MLA (Modern Language Association) International Bibliography, New York/USA
- CSA (Cambridge Scientific Abstracts) (Sociological Abstracts Worldwide Political Science Abstracts — Linguistics and Language Behavior Abstracts), Cambridge/ USA
- IBSS (International Bibliography of the Social Sciences), London/England
- Академиялық зерттеулер индексі (Akademik Araştırmalar İndeksi) (acarindex.com)
- SOBIAD сілтеме анықтамалығы
- TUBITAK / ULAKBİM TR анықтамалығы

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУҒА МҮМКІНДІКТЕРІ БАР ДЕРЕКҚОРЛАР

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ақпараттық-ресурстық орталығының қашықтықтан оқуға мүмкіндіктері бар дерекқорлар:

- Кітапханашыға сұрақ;
- Ақпараттық-ресурстық орталығының ашық қолжетімді электронды ресурсы <http://library.ayu.edu.kz/>;
- РЖОЭК (Республикалық ЖОО аралық Электронды кітапхана) оқулықтарын “ВКонтакте”, “Инстаграм” әлеуметтік желілерінен <http://rmebrk.kz/social/login> сілтемесі арқылы алуға болады, берілген форманы толтыруыңыз қажет;
- Қазақстандық Ұлттық электронды кітапханасы: <http://kazneb.kz/>;
- Эль-Фараби университет кітапханасының ашық қолжетімді электронды ресурстары <http://elib.kaznu.kz/>;
- Көркем әдебиетті оқу үшін <https://kitap.kz/> сайтты арқылы оқуға болады;
- IPR-books мультимедиялық ресурстары;
- ЭБС IPRbooks (сілтемесі: <http://www.iprbookshop.ru/>) — электронды басылымдарының Ресей лицензиялық толықмәтінді қорымен тегін жұмыс жасауға мүмкіндігі бар;

Қолдану қалай жүзеге асырылады?

Басылымдардың толық мәтініне жүйеге кіргеннен кейін ғана қолжеткізуге болады. Ол үшін университет компьютерінен <http://iprbookshop.ru> сайтында авторлану қажет. IPRbooks сайтында жоғарғы оң жақ бұрыштағы KIPY пернесін басып, келесі логин мен парольды енгізіңіз: Логин — iktu.kz_stat, пароль — mLeASvCb

Мультимедиялық құралдар:

- 1.Тесттер
- 2.Аудио
- 3.Видеосабақтар

Grebennikon электронды кітапханасына уақытша қашықтықтан пайдалану мүмкіндігі 30.06.2020 ж. дейін ұзартылды.

Grebennikon электронды кітапханасын пайдалану үшін төмендегі берілген логин және құпия сөз арқылы барлық мақалалармен видеоматериалдарды тек қана қарап оқып шығуға мүмкіндіктеріңіз бар <https://grebennikon.ru>

Кіру үшін (логин) start108 (пароль) OFD Polpred-ті ашу үшін мұнда басыңыз. Жаңалықтар мақалаларында, газеттерде, журналдарда және басқа да БАҚ көздерден шыққан ізделуі мен іріктелуі бойынша таралымы кең деректер базасы.

Сыр бойы мәдениеті және мұсылман ренессансына әл-Фарабидің қосқан үлесі

Еуразия кеңістігінде көшпелі өмір сүрген түркі халықтары Батыстың да Шығыстың да көптеген халықтарымен тығыз қарым-қатынаста болды. Түрік қағанаты тұсында көптеген діни ағымдар жазба мәдениеті мен діни ұстанымдарын өмін-еркін насихаттауға мүмкіндік алды. Соның нәтижесінде бірнеше жазу үлгілері мен діни кітаптар түркі жұртына кеңінен тарап үлгерді. Кез-келген мәдениетке қысым жасамай, өз ойларын еркін айтуға мүмкіндік туғызған түрік қағандары сол дәуірдің озық ойлы парасатты билеушілерінің қатарынан орын алады. Араб халифаты кезінде арабтар өз дінін күшпен тарату жолында бірнеше рет түрік мемлекетіне шабуыл жасағаны белгілі. Бірақ барлығы нәтижесіз аяқталған. Жауынгерлік рухы мықты түркі жұртын қылыштың жүзімен бағындыру олардың қолынан келмеді. Кейін ел арасына діни сауатты адамдарды жіберу арқылы ислам дінін оңай таратуға болатындығына көздері жетті.

Қазақстанның оңтүстік аймағына ислам дінінің дендеп енуі, Сыр бойы қалалары мен Сайрам, Тараз қалаларынан ірі діни ғұламалардың шыға бастауы сол кездегі Хорасан өркениетінің дамуына байланысты Бұхара мен Самарқандық діни әрі мәдени орталыққа айналуының маңыздылығы айрықша болды. Бұған араб халифаты үстемдік құрып тұрған кезеңдегі Бұхараны билеген Саманилер әулетінің ислам дінінің өркендеуіне орасан зор үлес қосқандығын да айтып өтуіміз керек. Саманилер үкіметінің негізін Әмір Исмаил ибн Ахмет (874-907 жж.) қалады. Өз билігін кеңейту үшін Исфиджаб, кейінірек Тараз қалаларын жаулап алады. «Саманидтер әулеті қалыптастырған дәстүрлер Таяу Шығыстың барлық билеушілері үшін үлгі бола білді. X ғасырда Саманилер билігі жүрген аймақта тек грек және сириялық шығармалар аудару дәстүрі жалғасқан жоқ, сонымен қатар құнды шығармалар жазылды. Атақты философтар Абу Бакр Мухаммед ибн Закария Рази (ол сонымен қатар математика, химия, медицина, жаратылыстану салаларында мол мұра қалдырды), Абу Наср Мухаммед ибн Мухаммед әл-Фараби және Абу Али ибн Сина Саманидтер кезеңінде ғұмыр кешіп, еңбек етті. Ибн Сина (980-1037) Самани әміршісі емдеп жазғандықтан қолжазбалар жинақталған мемлекеттік қоймаға кіріп, зерттеу жұмыстарын жүргізу құқығына ие болды. Ол 18 жасында сол кезде ғылымның бәрін де меңгерді. Ибн Сина шамамен 450 ғылыми еңбек жазған, оның 238-і бізге жетті. Саманилер заманында ғылымның түрлі салалары математика мен астрономия, медицина қанат жайды, география ғылымы да шарықтау шегіне жетті. Исмаил Самани сарайының уәзірі Жейхани көрші елдер географиясы туралы кітап жазды. Өкінішке орай, өлем тарихында өзіндік із қалдырған Саманилер әулетінің

ғұмыры ұзақ болмады»

Арабтар ислам дінін тарату жолында алдымен араб жазуын үйретуді де қолға алды. IX-XII ғасырларда араб тілі Орта Азияда әкімшілік іс-қағаздар жүргізетін негізгі тіл ретінде орнықты. Сыр мен Әмудария бойында бой көтерген Хорезм, Үргеніш, Самарқанд, Түркістан, Отырар секілді іргелі қалалардан шыққан ғұламалар өз еңбектерін негізінен араб тілінде жазды. Әл-Фараби, Әл-Хорезми, Бируни, Ибн-Сина секілді Орта Азиядан шыққан ғалымдар мұсылман ренессансына өлшеусіз үлес қосты. Бұрын да талай мәдениеттерге есік ашқан түркі жұртының шаһарлары сол кезеңде құлашын кеңге жайған ислам мәдениетінің өркендеуіне мейлінше атсалысты деуге болады. Сол кезеңде бір ғана Отырар жерінен шыққан көптеген әл-Фарабилер болды, бұл ғалымдар кейін Бағдад, Дамаск секілді қалаларға барып араб тілі мен грамматикасын жазуға, ислам философиясын өркендетуге аянбай еңбек етті.

Түркістан аймағы ежелден отырықшылыққа бейімдескен, қалалық мәдениеті дамыған, жазба мәдениеті қалыптасқан рухани орталық болғандығы белгілі. Ислам дінін қабылдаған соң түркі халықтарының мәдениеті айтарлықтар жоғары сатыға көтерілді. Діни қағидаларды терең зерделей алатын діни орталықтары бар, арабша, парсышаға жетік имамдар мен дін басылары ислам дінін ел ішіне таратып отырды. Дін жолында бар өмірін сарп еткен қайраткер рухани тұлғалар да дүниеге келе бастады. Жалпы Орта Азия жерінен әлемдік ғылымның дамуына айтарлықтай зор үлес қосқан ғалымдардың бір топ шоғыры қалыптасты. Әлемге әйгілі ғалымдар әл-Фараби, әл-Хорезми, Ибн Сина, әл-Жаухари, Бируни секілді көптеген ғұламалар кейін бүкіл әлемге мәшһүр болды. Әлемнің ең беделді энциклопедияларынан Британникада былай деп жазылған: «Орталық Азия Ресей патшалығының ішқалпына (оккупация), яғни 1870 жылға дейін Ислам мағарифінің ең маңызды орталығының бірі болды. Осы аймақтың адамдары арабша классикалық әдебиет жасады. Ислам әлемінің тарихындағы ең мәшһүр ғалымдар мен шайырлар, араб немесе парсы тілінде жазғанына қарамастан, осы территорияның өкілі болды»

Саманидтер билігі тұсында әлемдік діндер арасында көптеген тартыстар орын алған кез болатын. Енді ғана күш алып келе жатқан ислам діні өзінің ақидасы мен шарифат үкімдерін орнықтыру жолында терең білімді ғалымдар мен бірнеше тілді меңгерген діни ғұламаларды қажет етті. Осы кезде Әбу Ханифа бастаған төрт мазһаб шарифат үкімдерін жергілікті халықтардың болмысын шарифат үкімдеріне қарай икемдеудің баға жетпес жолдарын тапқан болса, Самарқандық имам Матуридидің ақида ілімі бойынша тұжырымдары мұсылмандардың мызғымас темірқазығына айналды. Бұл кезеңде Отырар мен Бұхара, Самарқандта, Үргеніште дүниеге келген ғұлама ғалымдар мұсылмандық ренессанс дәуіріне айтарлықтай үлес қосты. «VII және XII



ғасырлардың аралығында, тарихи дәуірде шекарасы орасан алып географиялық кеңістікті қамтыған исламдық ортағасырлық әлемге осы факторлардың бірқатары тән. Осы қолайлы алғышарттардың арқасында ғана, әдетте, Батыс Европадағы қайта өрлеу (ренессанс) дәуірімен теңестіретін ислам мәдениетінің ерекше гүлденуі орын алды»

Орта Азиядағы білім ошақтары мен мешіт, медреселердің беделі өте жоғары болған. X ғасырдан бастап XX ғасырға шейін мәдени байланыстары күшті дамыған Сыр бойы қалаларына кезінде жан-жақтан білім іздеп келуші шәкірттердің көп болғандығы турасында кезінде белгілі түрколог ғалым Әмір Нәжіп өз еңбегінде былай деп тоқталып кетеді: «Культурно-экономическая связь народов Поволжья с Средней Азией и Хорезмом в XIV веке значительно усилилась. Если, с одной стороны, приезжали сюда ученые и поэты из таких центров старой культуры как Сызган, Сауран, Бухара, Ургенч, Хива и т.д., то из городов Поволжья, в частности из Сарая, в свою очередь отправлялись в упомянутые города. Молодежь отправлялась учиться в среднеазиатские города, в основном в Бухару и Ургенч»

Мұсылман ренессансының өркендеуіне бір жағы сол дәуірде ислам дінінің артықшылығын ғылыми жағынан дәлелдеу үшін христиан, манихей, будда секілді діни ұйымдардың ғұламаларымен сөз таластырғанда ислам философиясының ғылыми бағыттарын тереңдету, ғылымның басқа салаларын да терең игеру ісі Самани мемлекетінің күн тәртібіне қойылған маңызды мәселе ретінде алға шыққан еді. Бұл бағытта жоғарыда аты аталған

ғалымдар қажырлы еңбек етті. Әл-Фараби Антика дәуірінің философтары Сократ, Платон, Аристотель еңбектерін өз бетінше аударып, олардың дүниетаным жайлы ойларын жан-жақты түсіндіріп берді. Әл-Хорезми алгебра мен математика саласында өнімді еңбектер жазды. Бируни исламға шейінгі діни ағымдар жайлы фелсафалық еңбектермен қатар астрономия саласында бұрын-соңды күн жүйесіне қатысты ешкім айтпаған үлкен жаңалықтарды дүниеге әкелді. Ибн-Сина «Медицина канондары» атты көлемді еңбек жазу арқылы медицинаның атасына айналды.

Әл-Фараби ислам әлеміндегі жан-жақты білім иесі әрі энциклопедист-ғалым болып қалыптасты. Оның еңбектері сол дәуірдің өзінде-ақ грек тіліне аударылып, Еуропа әлеміне танымал болған еді. «Орта ғасырлар заманында да әр түрлі үлгіде жазылған көптеген энциклопедиялар дүниеге келген. Бабамыз Фараби бұл тұрғыда да қарап қалмаған, өзінің ең атақты шығармаларының бірі «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактатын жазған. Фарабидің бұл еңбегінің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Бұл трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы» т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеде-ақ мәлім болып, одан көп ғұламалар тәлім алды. Еуропа ғалымдары да бұл еңбекпен өте ертеден таныс. Фарабидің «энциклопедиясы» сонау XII ғасырдың өзінде-ақ арабшадан латын тіліне екі рет аударылған»

Әл-Фараби жан-жақты ғылымның салаларының дамуына өзіндік үлесін қосып қана қоймай өлем жұртшылығының қайырымды қоғамда өмір сүруін

де армандап өтті. «Қайырымды қала тұрғындары» атты трактатында мәдениеті дамыған қалада тұру үшін адамның бойында қандай ізгіліктер орын алуы керек, ел билеген патша дана болумен қатар парасатты әрі әділ болуы керектігін, адам бақытқа кенелу үшін оған не қажет екендігін, тек қана материалды құндылықтар емес, рухани байлықты басты орынға шығару арқылы адам бұл дүниедегі орнын анықтай алатындығын түсіндіреді.

Өз елінен жырақта жүріп күн кешкен ғалым өз елін сағынып көптеген өлеңдер да жазған. «Музыканың үлкен кітабы» деген әлемге әйгілі трактатын жазуына да оның елге деген сағынышы, өз халқының ақындығына бейімдігі де көп әсер еткен болса керек. Елімізде «әл-Фарабитану» ғылыми енді қанат жайып келеді. Оның көптеген шығармаларын араб, грек тіліндегі нұсқаларынан тікелей қазақшаға аударуды қолға алатын кез де жетті. Ғалымның жастарды білімге тәрбиелеу жолындағы тәрбиенің алатын орнына айрықша тоқталуының өзінде үлкен мән жатыр. Жалпы жас ұрпақтың тәрбиесіне көңіл бөлгенде әркезде де әл-Фараби, Ясауи, Абай, Шәкәрім секілді ұлы бабаларымыздың артында қалдырған өсиеті мен үлгі-өнегесін бойымызға әрдайым сіңіре беруіміз керек. Мыңдаған жылдар бойы күллі адамзат баласына рухани азық болған осындай ұлы бабаларымыздың даналығы мен өсиеті әрбір өскелең ұрпағымыздың бойынан да көрініп тұруы тиіс.

Өжет Б.С. ф.ғ.к., доцент
Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері

СҰХБАТ

Ютубтағы [Yassawi TV](https://www.youtube.com/channel/UC...) каналында

ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕГІ СҰХБАТ

2020 жылғы 26 наурызда, сағат 16:00-де Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры Болатбек Серікбайұлы Абдрасилов өзінің әлеуметтік желілердегі жеке парақшалары [www.facebook](https://www.facebook.com/...) пен [www.instagram](https://www.instagram.com/...) және [www.youtube](https://www.youtube.com/...) каналы арқылы тікелей эфирде оқу ордасының білім алушыларымен университеттегі қашықтан оқыту жүйесіне қатысты сұхбат жүргізген болатын. Сұхбат барысында ректор аталған жүйеге қатысты өзгерістер мен ережелер туралы түсіндірді.



Әлеуметтік желі арқылы ректор білім алушыларға ең басты мәселе - төтенше жағдайға байланысты ережелерді сақтауға шақырды және әрбір студенттің дін-амандығы, яғни өзін-өзі сақтап қалу бәрінен қымбат екенін, сонымен қатар, білім алуды тоқтатпай жалғастыру қажеттігін жеткізді.

Болатбек Серікбайұлының айтуынша, қазіргі таңда университетте пандемия дертінен сақтану үшін барлық шаралар мен ережелер қатаң бақылауда. Атап айтқанда, білім алушылар өздерінің елдеріне, ауылдарына оралып, үйлерінде қашықтан оқыту жүйесінде оқып жатыр. Қашықтан оқыту жүйесіне қажетті бағдарламалар мен тиісті техникалық мүмкіндіктер толықтай іске қосылып, студенттердің күнделікті сабақтары тұрақты өтіп жатыр. Әр студенттің сабақ кестесіне

асырылған.

Сондай-ақ, елдеріне, ауылдарына кетпей университет жатақханаларында қалған басым бөлігі шетелдік 369 студентке қашықтан оқу жүйесіне қажетті жағдай жасалып, олардың қауіпсіздігі бойынша медициналық сақтық шараларымен толықтай қамтылған. Яғни, студенттер індетті жұқтыру қаупін тудырмау мақсатында жатақханадан шықпайды.

Кездесу сұрақ-жауап форматында өтті. Студенттер тарапынан көптеген сұрақтар қойылды. Тікелей эфир кезінде оқу ордасының басшысы көптеген сұрақтарға жауап берді, дегенмен шектеулі уақытқа байланысты бірқатар сауалдалға жауап беріп үлгермеді.

Айта кету керек, аталған әлеуметтік желілердегі тікелей эфир барысында ютубтағы

Сұхбат барысында бірқатар білім алушылар тікелей эфирдің чатында оқу ордасында атқарылып жатқан жұмыстарға көңілдері толғанып айтып, басшылық атына жақсы лебіздер қалдырған. Әрине, онлайн жүйесіндегі кездесудің негізгі мақсаты - білім алушыларды толғандырған мәселелерді анықтап-білу және олардың жағдайларынан толық хабардар болып отыру болғандықтан қойылған сауалдар мен пікірлерге аса назар аударылды. Айталық, сауалдардың дені қазіргі төтенше жағдай кезінде білім саласындағы болып жатқан жаңалықтар жайында болды. Бірқатары алдағы уақытта өткізілетін емтихандардың қалай тапсырылатыны жайлы сауал тасастаса, оқу орасына қашан оралатынын сұраған. Қашықтан оқыту сәтіндегі кейбір кедергілер мен байланыстың нашарлығы да айтылған.

Осы орайда, жауап берілмеген сұрақтардың жауаптарын жазбаша түрде жариялап отырмай. Сонымен қатар, бірқатар сұрақтар көбіне қайталанып берілгендіктен олады топтап, бір жауаппен берілетінін назарларыңызға береміз.

Сұрақ: - Медицина факультетінде тәжірибелі кпрактиканы қалай тапсырамыз?

Жауап: - Академиялық күнтізбеге сәйкес, Медицина факультетінде тәжірибелер мамыр айының 18 жұлдызынан басталады.

1) 1, 2-курста оқу тәжірибе 01-06.06.2020ж. (1 апта);

2) 3-курста оқу тәжірибе 01-13.06.2020ж. (2 апта);

3) 4-курста өнд.тәжірибе 25.05-06.06.2020ж. (2 апта);

4) 5-курста өнд.тәжірибе 18.05-06.06.2020ж. (3 апта).

Айтакетейік, егер төтенше жағдай 15 сәуірден ары қарай ұзартылса, онда тәжірибелердің барлық түрі қашықтықтан білім беруді (ҚББ) қолдану арқылы «Теория негізінде дағдыларды меңгеру, ситуациялық жағдайларды шешу және жеке презентация» түрінде онлайн режимде ұйымдастырылады.

Сұрақ: - Өзіміздің GPA қалай білсек болады?

Жауап: - Өз логин пароліңізді қолдана отырып, бұрынғыдай Platonus арқылы біле аласыз.

Сұрақ: - Шетелдік дайындық факультетінің студенттері емтиханды қалай тапсырады?

Жауап: - Шетелдік дайындық факультетінің студенттері қашықтықтан білім беру жүйесі арқылы оқып жатыр. Төтенше жағдай біткеннен кейін қайтып келіп оқуын жалғастырады. Емтихан бекітілген кесте бойынша қабылданады. Кесте университеттің веб-сайтында және қашықтықтан білім беру жүйесіне қойылады.

Сұрақ: - Қашан сабақ басталады?

Жауап: - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтың



сәйкес оқып жатқаны туралы мәліметті қадағалап отыр. Қазіргі кезде 9154 білім алушыға 1123 оқытушы ұстаз сабақ өткізуде. Білім алушылардың ай сайынғы алатын шәкіртақысы мен қызметкерлердің жалақысы уақытында аударылып тұр. Күні бүгінге дейін түрлі 839 пәндер бойынша сабақтар өтуде. Университет кітапханасында қашықтан оқытуға сәйкес жүйелі оқу құралдары мен электронды кітаптармен қамту жұмыстары жүзеге

yassawi.tv каналын 8 мыңнан астам (8612) білімгер көріп, 288 адам ризашылығын білдіріпті. Ал facebook парақшасында 979 көрермен қарап, 51 пікір және сауал жолдаған болса, 130 адам ризашылығын білдірген. Оны 15 көрермен өз парақшаларында бөлісті. Сондай-ақ, ректордың instagram жеке парақшасында 935 адам қараған болса, 15 кісі бөліскен, 29 сұрақ пен пікір жазған және 127 көрермен ризашылығы білдірген.

14.03.2020 жылғы №108 бұйрығының негізінде ҚББ жүйе 05.04.2020ж. дейін деп бекітілген. Қазақстан Республикасында төтенше жағдай жариялануына байланысты ҚББ жүйесімен оқу үрдісін ұйымдастыру мерзімі тағы да ұзартылуы мүмкін.

Сұрақ: - Жазғы емтихан сессиясын қалай тапсырамыз?

Жауап: - Көктемгі емтихан сессиясын қашықтықтан тапсыру жобасы дайындалып жатыр. Көктемгі емтихан сессиясын тапсырудың нысаны елімізде жарияланған төтенше жағдай мерзіміне байланысты анықталады. Бірақ елдеріне қайтып кеткен шетелдік білім алушылар көктемгі емтихан сессиясында жазғы семестр емтихандарын да қашықтықтан онлайн түрде тапсырады. Емтихан кестесі университеттің веб-сайтында және қашықтықтан білім беру жүйесіне қойылады. P1atonustaғы әр аптада қойылған балл есептеледі.

Сұрақ: - Бізді жатақханадан шығармай жатыр. Оның себебі неде?

Жауап: - Қазақстан Республикасында төтенше жағдай жариялануына байланысты жатақханаларда қатаң тәртіп орнатылуы қажет. Жатақханада тұратын әрбір білім алушының жеке денсаулығына байланысты оқшаулануы тиіс. Соған байланысты, аса қажет жағдайдан басқа және беймезгіл уақытта жатақханадан шығуға тыйым салынады.

Сұрақ: - Кітапхана қызметін қалай пайдалануға болады?

Жауап: - Университетіміздің оқытушылары мен студенттері <http://library.yu.edu.kz> веб-сайтындағы оқу процесіне қажетті PDF форматтағы электронды оқулықтарды қашықтықтан пайдалануына толық мүмкіндік жасалған. Қазіргі таңда, оқу орнымыздың ақпараттық-ресурстық орталығы ұстаздарымыз бен студенттерімізге, магистранттар мен докторанттарымыздың қашықтықтан білім алуына жағдай жасау мақсатында 20-сәуірге дейін Grebennikon және IPRbooks электронды кітапхана жүйесін тегін пайдалануға мүмкіндік алды. Ал, Rmeb электронды кітапханасын <http://rmebrk.kz/social/login> жыл бойы тегін пайдалануға болады. Ұстаздар мен ізденушілер Rmeb базасына әлеуметтік желі арқылы кіре алады. IPRbooks - кітаптары білім беру мекемесінде енгізілген оқыту бағыттары бойынша лицензияланған ғылыми әдебиеттер, журналдар, аудио басылымдар, бейнекурстар, онлайн тесттерін біріктіретін бірегей ресурс. Оған www.iprbookshop.ru сілтемесі арқылы кіреді. Барлық сала бойынша оқулықтарды

да қашықтықтан онлайн түрде тапсырады. Ол жүйенің жобасы жақын күндерде бекітіліп, барлық білім алушыларға таратылады. Бітіруші курс білім алушылары толығымен қорытынды аттестатауды университетке келіп тапсырады.

Сұрақ: - Бітіруші түлектердің диплом қорғауы қалай болады? Диплом алды іс-тәжірибе есептерін қалай тапсырады?

Жауап: - Қазірге, бітіруші курстардың диплом қорға үрдісі, академиялық кестеге сәйкес, жылдағы жүйе бойынша жоспарланып отыр. Еліміздегі төтенше жағдайдың мерзіміне байланысты тиісті өзгерістер болған жағдайда ол

Сұрақ: - Мемлекеттік емтихандар қашан басталады?

Жауап: - Бітіруші курстардың мемлекеттік емтихандары бекітілген академиялық күнтізбе бойынша өткізілетін болады. Өзгеріс болған жағдайда, қосымша хабар беріледі.

Сұрақ: - Электр қуатын емесе интернет болмай сабаққа қатыса алмасақ, сабаққа қатыспағаны туралы белгіні (НБ) қалай жоюға болады?

Жауап: - Өртүрлі себептермен бекітілген кесте бойынша сабаққа кіру, вебинарларға өз аккаунтынан «On-line» режимдерінде сабаққа



туралы хабар арнайы бітірушілерге берілетін болады. Бітіруші курстардың диплом алды іс-тәжірибелері онлайн түрде өткізіліп жатыр. Оның есебін қабылдау да онлайн түрде жүзеге асырылатын болады.

Сұрақ: - Сабақтың сапалы өтуіне ректорат тарапынан қандай бақылау бар? Мұғалімдердің әділ баға қоюын қалай қадағалайсыздар?

Жауап: - Академиялық мәселелер жөніндегі департамент қызметкерлері www.dot.yu.edu.kz

базасына жүктелген пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін (силлабус, лекция тезистері, презентациялары, лабораториялық / практикалық жұмыс, БӨЖ, ОБӨЖ, тест тапсырмалары т.б., вебинар ссылкалары) енгізуін және сабақты кесте бойынша өтуін қадағалайды. Оқу процесін қашықтықтан білім беру жүйесі арқылы ұйымдастыру барысы, білім алушыларды бағалау, тиісті материалдармен қамтамасыз ету, сабақтарды сапалы

өткізілуі университет басшылығымен қатаң бақылауға алынған. Тұрақты түрде сырттай мониторинг орнатылған. Яғни, адағалау барысында білім алушылар тарапынан ұсынылған тапсырмалардың орындалуы ресми түрде тіркеліп отырады.

Сұрақ: - Жатақханаға келуге бола ма?

Жауап: - Қазақстан Республикасында төтенше жағдай жариялануына байланысты карантин тәртібі қатаң сақталуы тиіс. Ауылдарына қайтып кеткен білім алушылар жатақханаға қайта жіберілмейді.

Сұрақ: - Ясауи олимпиадасының 2-ші кезеңі қашан болар екен? Ясауи олимпиадада II кезең қалай болады?

Жауап: - Ясауи олимпиадасының 2-ші туры онлайн түрінде өтетін болады. Өту мерзімі қосымша хабарландырады.

Сұрақ: - 6-курс интернатура. Кроме экзаменов аттестация будет, из за этого мы не должны буждем приехать обратно?

Ответ: - Для 6- курса интернатуры промежуточная аттестация будет организована в режиме онлайн. Подготовлены ситуационные задачи, составленные на определение уровня клинического мышления интерна.

Вопрос: - В общежитие нужен хороший WIFI

Ответ: - IT департамент работают над этим вопросом

Вопрос: - У всех разные склонность по ходу в ДОТ систему?

Ответ: - На сайте университета размещены инструкции по работе спо ДОТ <http://ayu.edu.kz/archives/meeting/ashy-tan-o-ytu-zh-jesi#1584278214795-e8bb00bf-187f>

АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ



төмендегі логин - iktu.kz_stat пароль — mLeASvCb бойынша қажетті әдебиеттерді оқи алады. Бұл электронды кітапханаларды пайдалану үшін толық мәлімет <http://lib.yu.edu.kz/> сайтында көрсетілген.

Сұрақ: - 7-курс интерндері мемлекеттік емтиханды қалай тапсырады?

Жауап: - 7-курс интерндері мемлекеттік емтихандарын академиялық кестеге сәйкес жылдағы жүйе бойынша университетке келіп тапсырады.

Сұрақ: - Шетелдік студенттерге оқу қалай болады? Шетелдік-студенттер мемлекеттік емтиханды қалай тапсырады?

Жауап: - Елдеріне қайтып кеткен бітіруші курстан басқа курстардың шетелдік білім алушылары биылғы оқу жылын қашықтықтан білім беру жүйесімен аяқтап, емтихан сессияларын

GAZETİN TÜRK TİLİNDEĞİ QOSYIMŞASY



«Hoca Ahmet Yesevi Bugünümüze Ne Söyler?» Konferansı



Türk Dünyası Parlamenterler Vakfı tarafından düzenlenen «Hoca Ahmet Yesevi Bugünümüze Ne Söyler?» konulu konferansa konuşmacı olarak Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütavelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız katıldı.

Türk Dünyası Parlamenterler Vakfı Yönetim Kurulu Başkanı Dr. Abdullah Çalıřkan, Cumhurbaşkanlığı Sağlık ve Gıda Politikaları Kurulu Üyesi ve Yönetim Kurulu Başkan Yardımcısı Prof. Dr. Necdet Ünüvar, TBMM Eski Başkanı ve Cumhurbaşkanlığı Yüksek İstiřare Kurulu Üyesi Bülent Arınç ve çok sayıda davetlinin katıldığı konferansta yaptığı konuşmada Prof. Dr. Musa Yıldız, katılımcılara Hoca Ahmet Yesevi'nin

Türklerin İslamlaşmasındaki rolüne ve Anadolu ile Balkanların Müslüman olmasında yaptığı katkılara değindi.

Prof. Dr. Musa Yıldız, Türkistan'da bulunan Hoca Ahmet Yesevi Türbesinin yapılışı ve tarihsel süreci ile Ahmet Yesevi Üniversitesi hakkında da katılımcılara bilgi verdi.

Türk Dünyası Parlamenterler Vakfı Yönetim Kurulu Başkanı Dr. Abdullah Çalıřkan, Prof. Dr. Musa Yıldız'a katılımlarından dolayı teşekkür etti ve plaket taktim etti. Prof. Dr. Musa Yıldız da Dr. Abdullah Çalıřkan'a Ahmet Yesevi Üniversitesi yayınlarından «Hoca Ahmed Yesevi Külliyyati» isimli eseri hediye etti.

Eurasian Research Journal Dergimiz Uluslararası «Cosmos» Endeksine Girdi

«Eurasian Research Journal» (ERJ) adındaki uluslararası hakemli dergi Avrasya Arařtırma Enstitüsü tarafından yılda iki defa olmak üzere 2019 yılından itibaren yayınlanmaktadır. Ocak 2020 itibariyle üçüncü sayısı çıkarılan yayının dili İngilizce olup Avrasya coğrafyasında ekonomi, finans, enerji, güvenlik, ulaşım, uluslararası ilişkiler, dil ve diğer alanlarda meydana gelen önemli gelişmeleri bilimsel açıdan inceleyerek ele almaktadır. Dergide, alanında önde gelen uzmanlar ile gelecek vaat eden genç akademisyenlerin yazıları kör hakemlik sürecinden geçirilerek kabul edilmektedir.

Eurasian Research Journal dergisinin bilimsel endeksler içerisinde yer alma çalışmaları özenle yürütülerek derginin ilgi alanına giren saygın endekslere kabul edilme süreçleri devam etmektedir. ERJ, son olarak, 6 Mart 2020 tarihinden itibaren uluslararası «Cosmos» endeksine de kabul edilmiş ve Kazakistan'da bu endekse kabul edilen ilk dergi olmuştur. Derginin taranmakta olduğu endeksler ile başvuru sürecindeki endeksler aşağıda yer almaktadır.

Derginin kabul edildiği endeksler:


- Index Islamicus
 - International Scientific Index (ISI)
 - Cosmos Impact Factor
 - Scientific Indexing Services (SIS)
 - Akademia Sosyal Bilimler İndeksi
 - Root Society for Indexing and Impact Factor Service (ROOT Indexing)
 - Eurasian Scientific Journal Index (ESJI)
 - Başvurulan endeksler:
 - Social Sciences Reference Index (SOBIAD)
 - Direct Research Journal Indexing (DRJI)
 - Asian Studies Index (ASI)
 - International Bibliography of the Social Sciences (IBSS)
 - Academic Resource Index (ResearchBib)
 - European Reference Index for the Humanities (ERIH)
 - Directory of Open Access Journals (DOAJ)
 - Index Copernicus
- Voleybol Ligi Eylül ayında sona erecek.

bilig - Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi Etki Faktörü (Impact Factor) Değeri Arttı





1996'dan beri Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütavelli Heyet Başkanlığı bünyesinde yayınlanan bilig - Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi, SSCI - Social Sciences Citation Index (Web of Science) ve SCOPUS (Elsevier Bibliographic Databases) başta olmak üzere birçok uluslararası indeks tarafından taranmaktadır. Türkiye'de Sosyal Bilimler alanında SSCI tarafından taranan sayılı dergilerden biri olan bilig, 2008 yılından beri SSCI'da Area Studies alanında dizinlenmektedir. Bu alanda dizinlenen 74 dergi içinde etki faktörü sıralamasında 72. sıradadır ve 4. çeyrekte (Q4) yer almaktadır.

Makalelere yapılan atıflara göre hesaplanan etki faktörü (impact factor) değerimiz 2017'de 0,087 iken 2018'de 0,132'ye yükselmiştir. Bu %52 oranında bir artış olduğunu göstermektedir.



2019 yılı Journal Citation Reports verilerine göre derginin etki faktörünün artışında bir süreklilik olduğu görülmektedir. bilig dergisinin SCOPUS'taki 2018 CiteScore değeri ise 0.14'tür.



Web of Science tarafından yayınlanan bu grafiğe göre dergimizde yayımlanan makalelere yapılan atıflarda her yıl artış görülmektedir.

2008'den bu yana SSCI'de toplam 600 bilig makalesi taranmış ve derginin h-indexi 6'ya yükselmiştir.



bilig - Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi SSCI ve SCOPUS'un yanı sıra;

- Social Scisearch (Web of Science)
- Journal Citation Reports/Social Sciences Edition (Web of Science)
- MLA (Modern Language Association) International Bibliography, New York/ABD
- CSA (Cambridge Scientific Abstracts) (Sociological Abstracts Worldwide Political Science Abstracts - Linguistics and Language Behavior Abstracts), Cambridge/ABD
- IBSS (International Bibliography of the Social Sciences), London/England
- Akademik Arařtırmalar İndeksi (acarindex.com)

Sakarya Üniversitesinde Hoca Ahmet Yesevi Anıldı

Sakarya Üniversitesi, Sakarya Kazakistan Öğrenci Topluluğu ve Türk Dünyası Öğrenci Topluluğu tarafından, "Pir-i Türkistan Hoca Ahmet Yesevi Anma Günü" isimli bir etkinlik düzenlendi.



Sakarya Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Hakkı Ekşi Konferans Salonunda düzenlenen etkinliğe, Ahmet Yesevi Üniversitesi Mütevelli Heyet Başkanı Prof. Dr. Musa Yıldız, Mimar Sinan Güzel Sanatlar Üniversitesi Öğretim Üyesi Prof. Dr. Abdulvahap Kara ve Hoca Ahmet Yesevi Vakfı Kurucusu Erdoğan Aslıyüce konuşmacı olarak katıldı. Programa Hendek Belediyesi Başkan Yardımcısı Fatih Öztürk, Sakarya Üniversitesi öğretim üyeleri ve çok sayıda öğrenci katıldı.

Saygı duruşu ve iki ülkenin milli marşlarının okunmasının ardından başlayan program, Prof. Dr. Musa Yıldız'ın konuşmaları ile devam etti.

Orta Asya'nın, Ulu Türkistan dediğimiz Çin Seddinden hazara kadar uzanan büyük bir coğrafya olduğunu dile getiren Prof. Dr. Musa

Yıldız, "Bu coğrafyayı hatırlatan ve maneviyatını kavratan Pirimizi anmak, bizim için bahtiyarlıktır.

Hoca Ahmet Yesevi'nin Türklere anadilinde İslamiyet'i öğrettiğine dikkat çeken Prof. Dr. Yıldız, "Ahmet Yesevi'nin, Türkistan Coğrafyasında İslamiyet'in kabul edilmesinde ve tam manası ile anlaşılmasında çok büyük bir etkisi olmuştur" ifadelerini kullandı.

Programda, Prof. Dr. Abdulvahap Kara ve Ahmet Yesevi Vakfı Kurucusu Erdoğan Aslıyüce de birer konuşma yaptılar.

Türk Dünyası Müzikleri Uzmanı ve Ahmet Yesevi Üniversitesi mezunu olan Sedat Solakoğlu'nun dombra dinletisi ile devam eden etkinlik, hediye ve plaket takdiminin ardından sona erdi.

Öğrencimizden Mangala Şampiyonasında İkincilik

Ahmet Yesevi Üniversitesi öğrencisi Sayed Mursalin Dimral Mangala Şampiyonası'nda ikinci



2-6 Mart tarihleri arasında Dünya Mangala Federasyonu tarafından Kazakistan'ın Kızılorda şehrinde "Mangala Açık Asya Kupası" düzenlendi. Dokuz ülkeden 284 yarışmacının katıldığı şampiyonada Ahmet Yesevi Üniversitesi Sosyal Bilimler Fakültesi Uluslararası İlişkiler Bölümü 3.sınıf öğrencisi Sayet Mursalin Dimral ikincilik ödülünü kazandı. Öğrencimize Dünya Mangala Federasyonu ve Kızılorda Eyalet Valiliği tarafından

gümüş madalya ve çeşitli plaketler takdim edildi.

Ayrıca şampiyonada derece alan öğrencimiz bu yıl Türkiye'de yapılacak olan 2020 Dünya Zeka Oyunları Olimpiyatlarına da katılmaya hak kazandı. Şampiyonada Üniversitemizi başarı ile temsil eden öğrencimizi makamında kabul eden Sosyal Bilimler Fakültesi Dekanı Prof. Dr. Yüksel Çelik tebrik ederek başarılar diledi.

"Orta Çağ Avrupa Haritalarındaki Kazakistan" Semineri

12 Mart 2020 tarihinde Avrasya Araştırma Enstitüsü'nün uzman araştırmacısı Omirbek Hanayi "Orta Çağ Avrupa Haritalarındaki Kazakistan" başlıklı seminer verdi.

Haritaların tarih araştırmalarının vazgeçilmez materyallerinden biri olduğunu anlatarak seminerine başlayan Omirbek Hanayi, ana hatlarıyla Orta Çağ Avrupa haritalarındaki Kazak topraklarını ve tarihi yer adlarını açıkladı. Erken ve Yüksek Orta Çağ dönemlerinde Kazak topraklarını kapsayan tüm Avrasya bölgesinde yaşayan göçebe toplulukların Avrupa'nın tarihi kaynaklarında İskitler veya Sakalar olarak adlandırıldığına değinen Omirbek Hanayi, Orta Çağ Avrupa haritalarında da söz konusu bölgelerin genelde İskitya "Scythia" olarak verildiğini belirtti. Ayrıca, Orta Çağ Avrupa haritalarının bazılarında Kazaklar dâhil tüm Türk halklarının yaşadığı toprakların genelde Türkistan veya Turan olarak da kaydedildiğini dile getiren Omirbek Hanayi, Turan ve Türkistan kavramlarının kökeni ve onların tam olarak hangi topraklar için kullanıldığını açıkladı.

Seminerin devamında Omirbek Hanayi,

özellikle Altın Orda Devleti'nin kurulmasıyla beraber Altın Orda topraklarının Geç Orta Çağ Avrupa haritalarında Tartaria olarak adlandırılmaya başlandığını belirterek, söz konusu haritalarda Tartar kelimesinin aslında "göçebe" anlamında kullanıldığını altını

çizdi. Fakat Altın Orda Devleti'ni dağılması ve Kazak Hanlığı'nın tarih sahnesine çıkmasıyla beraber Kazak topraklarının Avrupa haritalarında "Kazaki Tartaria" veya "Kazakya" olarak belirtildiğini açıklayan Omirbek Hanayi, odönemdeki Avrupa haritalarında coğrafi bilgilerin ve yer adlarının daha ayrıntılı gösterildiğini ifade etti. Omirbek Hanayi, özet olarak söz konusu Orta Çağ Avrupa haritalarında bazı eksikliklerin de

bulunduğunu belirterek, buna rağmen Orta Çağ Avrupa haritalarının Kazakistan'ın tarih araştırmaları için oldukça önemli bir kaynak olabileceğini anlatarak sözlerini tamamladı.

Seminer sonunda Enstitü araştırmacıları kendi görüşlerini ortaya sunarak, fikir alışverişinde bulundular. Seminer, sertifika takdimi ile sona erdi.



Üniversitemiz Öğrencileri Judo Şampiyonasında Üçüncü Oldu

Ahmet Yesevi Üniversitesi Öğrencileri katılmış olduğu judo şampiyonasını




5-7 Mart 2020 tarihleri arasında Kazakistan'ın Taraz şehrinde 18-20 yaş Judo Şampiyonası düzenlendi. Kazakistan'ın 17 şehirden 400'e yakın sporcunun katıldığı Judo Şampiyonasında Ahmet Yesevi Üniversitesi Sanat Fakültesi Beden Eğitimi Bölümü öğrencilerinden, kızlarda 52 kiloda Anel Muhan, 78 kiloda Araylım Orazbay, 70 kiloda Nebira Slambekova ve Juldız

Jumahan, 48 kiloda Bibihan Nebieva, 63 kiloda Gülzira Kuldabek, erkeklerde ise Deulet Habibullayev 81 kiloda, Nurhan Almabek ile Kemelbek Moldaş 66 kiloda olmak üzere dokuz öğrencimiz mindere çıktı. Tüm müsabakaların ardından öğrencilerimiz toplamış olduğu puanlarla takım olarak üçüncü oldu. Sporcularımızı tebrik ediyor başarılarının devamını diliyoruz.

ӨНЕГЕ

ҒАСЫР ЖАСАҒАН КІТАП – «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ»



дарынды сөз жүйесі», «Қара сөз», «Әуезе», «Әуезе түрлері», «Әліптеу тәртібі», «Әліптеу жоспары», «Байымдама», «Байымдама әдістері», «Сын», «Шешен сөз», «Шешен сөздің түрлері», «Дарынды сөз», «Әуезе», «Толғау», «Айтыс». Кітаптың «Ауыз әдебиеті» деп аталатын соңғы бөлімінде «Сауықтама», «Ғұрп сөзі», «Жазу әдебиеті», «Діндар дәстүр», «Әуезе жыры», «Толғау түрлері», «Айтыс-тартыс», «Күліс» — фольклор жанрлары қамтылған.

Ғалымдар назарына іліккен «Әдебиет танытқыш» ұлт тіліндегі тұңғыш теориялық еңбек. Кітап көлемі 282 бет, төте жазумен жазылған. Кітап көшірмесін Институт архивіне профессор Мекемтас Мырзахметұлы тапсырған. Мұндай құнды еңбектердің институт қорында кездесуі ғылымның 1995-97 жылдары институт директоры болып қызмет атқарған кезеңде институт қызметкерлері аудандар мен ауыл-аймаққа арнайы фольклорлық экспедициялар ұйымдастырып, ел ішіндегі шежіре жинаумен айналысатын белсенді азаматтарды жұмысқа тартып, қаржылай қолдау көрсетудің нәтижесінде жинақталған. Бүгінде институт қызметкерлері жинақтаған көне кітаптар мен қолжазбалардың мәтінін анықтап, бірнеше кітапты қамтитын қолжазбалар сипаттамысын дайындау үстінде.

Ғұмыры ғасырды жалғайтын «Әдебиет танытқыш» еңбегінің Түркология ғылыми-зерттеу институты қорындағы нұсқасы кейінгі жылдары жарық көрген жинақтармен салыстырмалы зерттеу жасаушыларға таптырмас құнды дереккөз болатыны сөзсіз.

Түркология ғылыми-зерттеу институтының қолжазбалар қорында Ахмет Байтұрсынұлының араб әліпбиімен жазылған «Әдебиет танытқыш» кітабының көшірмесі сақтаулы. Автор кітаптың кіріспесінде «Көрнек өнерінің түрлері», «Сөз өнері», «Шығарма сөз», «Мазмұн туралы» тоқталады.

Бірінші бөлімінде «Тіл қиысы», «Сөз талғау», «Сөз дұрыстығы», «Тіл тазалығы», «Тіл (луғат) анықтығы», «Тіл дәлдігі», «Тіл көрнектілігі», «Теңеу», «Тіл (луғат) әуезділігі», «Сөз әуезділігі», «Сөйлеу әуезділігі», «Сөздің өнер болатын мәнісі», «Өлең шығару», «Өлең айшықтары», «Шумақ туралы», «Тармақ тұлғалары», «Өлең ағындары», «Тармақ кезеңдігі», «Тармақ ұйқастығы» қарастырылады.

Екінші бөлім тақырыптары: «Қара сөзбен

ТОҒЫЗҚОМАЛАҚШЫ САЯТ

2020 жылдың наурыз айының 2-6 күндері аралығында Қызылорда қаласында мемлекет және қоғам қайраткері Нәлже Ерғешбаевты еске алуға арналған тоғызқомалақтан ашық Азия кубогы өтті. Дүбірлі бәсекеге Қазақстанның әр өңірінен және Түркия, Ауғанстан, Әзірбайжан, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Ресей, Моңғолия, Босния және Герцеговинадан келген 284 тоғызқомалақшы қатысып, шеберлік танытты. Сайыста университетіміздің Әлеуметтік ғылымдар факультеті Халықаралық қатынастар мамандығының 3-курс студенті Саят Мурсалин Димрал II орынды жеңіп алды. Сондай-ақ, студентіміз Түркияда өтетін олимпиадаға жолдама алды. Жеңімпаз шәкіртімізді Әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы Йүксел Челлик құттықтап, сәттілік тіледі.



ЖАС СПОРТШЫЛАРЫМЫЗ – ЖЕҢІМПАЗ!

2020 жылдың наурыз айының 5-7 күндері аралығында Дзюдо күресінен Тараз қаласында 2000-2002 жылдары туылған жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеге 17 қаладан 400-ге жуық спортшы бағын сынады. Оқу ордамыздың 9 спортшы студенті спорт сайысына қатысып, қыздар арасында Анель Мұхан 52 кг, Арайлым Оразбай 78 кг, Нәбира Сламбекова мен Жұлдыз Жұмахан 70 кг, Бибіхан Нәбиева 48 кг, Гүлзира Құлдасбек 63 кг, Ерлер арасында Дәулет Хабибуллаев 81 кг, Нұрхан Алмабек мен Кемелбек Молдаш 66 кг салмақта өнер көрсетіп, жалпы командалық есеп бойынша Түркістан облысының құрама командасы III орынға ие болды. I орынға Қызылорда облысы, II орынға ШҚО иемденсе, III орынға Түркістан облысы мен Атырау облысы тұрақтады.

Спортшыларымызды Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген жаттықтырушы, профессор, Оқу-сауықтыру бөлімінің аға бапкері Әбдісадық Халилаев пен Қазақстан Республикасының спорт шебері, Оқу-сауықтыру бөлімінің аға бапкері Мұхтар Бөгенбаев дайындаған.

Сонымен қатар, наурыз айының 5-10 күндері аралығында Финляндия Республикасының Хельсинки қаласында өткен Халықаралық бокс турнирінде жас спортшымыз 81 кг салмақта Бек Нұрмағанбет III орын иеленді.

АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор м.а.: Эльмира АРТЫҚБАЕВА

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru

Ақпарат орталығы:

Бейсен Тельман telabdi@mail.ru

Тілшілер:

Эльмира АРТЫҚБАЕВА elmira_artykbaeva@mail.ru

Сүлеймен ДОҒАН dgn_s8@hotmail.com

Дизайнер:

Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото мамыны: Нақып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.